

ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН! АҚ МОЛ БОЛСЫН!

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№05-06 (519) 24 наурыз 2022 жыл



БҮГІНГІ
НӨМІРДЕ

ТҮРКОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ИНТЕГРАЦИЯ

Университет басшысы Ж.Темірбекова Түркияның ғылыми-технологиялық зерттеу кеңесі (TUBITAK) тарапынан университет ғалымдарына мұндай мүмкіндіктердің берілуі — түркология саласындағы ғылыми интеграцияның дамуына жол ашатынын жеткізді. Сонымен қатар DergiPark платформасына университет басылымдарының енуі — жарияланымдардың халықаралық сипат алуына тың серпін беретінін баса айтты.

2 БЕТТЕ

КӨРМЕЙІН ДЕСЕМ...

«Қонақ аз отырып, көп сынайды», - дейді. Бірі келіп, бірі асығыс жиналып кетіп жатқан адамдар жиыны - бүгінгі қазақ ұлтының бет бейнесін танытатыны есіме түсті. - Егер мен шетелден келген, қазақ деген ұлтты білуге келген адам болсам, қазақ ұлты туралы осы жерден қандай мәлімет алар едім? - деген ой келмесі бар ма?! Жан-жағыма бар ықыласпен зерттеп қарай бастадым.

3 БЕТТЕ

НАУРЫЗ - ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ

Қызыр түні жаңа жыл табалдырықтан аттап, үйге енгенде, «жалғыз шала сәуле болмас» деп терге қос шырақ жағылып қойылған. «Жаңа жыл мұнтаздай таза үйге кірсе, ол үй ауру-сырқаудан, пәле-жаладан аман болады» деген сеніммен Наурыз қарсаңында үй ішіндегі жиһаз-мүліктің шаңы қағылып, жуылып тазартылады.

4 БЕТТЕ

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ»

Біздің мұратымыз – Жаңа Қазақстанды құру. Бұл нені білдіреді?

Жаңа Қазақстан дегеніміз – егемен еліміздің болашақтағы бейнесі. Өз елінің ертеңіне сенбеген халық мықты мемлекет құра алмайды. Бұған тарихтан талай мысал келтіруге болады.

Біз келешегіміз кемел боларына және жарқын болашақты өз қолымызбен жасай алатынымызға сенеміз. Өрбір азаматтың конституциялық құқығы мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етеміз. Мемлекет пен қоғамның өзара сеніміне және құрметіне негізделген жаңа саяси мәдениетті қалыптастырамыз.

Маңызды шешімдер жұртшылықтың қатысуымен ашық қабылданады. Өйткені, мемлекет әр азаматтың үніне құлақ асады. Адал еңбек, озық білім және үздік тәжірибе әрдайым жоғары бағаланады.

Мен жаңа Қазақстанның осындай ел болғанын қалаймын. Мақсатқа жету үшін мемлекеттік аппаратты жаңарту немесе кадрлық ауыс-түйіс жасау жеткіліксіз. Өзгерісті әрқайсымыз өзімізден бастауымыз керек. Өрбір адам және бүкіл қоғам жаңғыруы қажет. Құндылықтарымыз түбегейлі жаңаруға тиіс.

Мұның бәрі – оңай жұмыс емес, біртіндеп қалыптасып, жылдар бойы жалғасатын үдеріс. Бұл жұмыс бізден жоғары жауапкершілікті, елімізге және бір-бірімізге деген жанашырлықты талап етеді.

Бізге ешкім сырттан келіп, ештеңе жасап бермейтіні анық, бәрі өз қолымызда. Сондықтан, баршаңызды жаңа Қазақстанды құруға бір кісідей жұмылуға шақырамын. Халықтың қолдауымен мақсатымызға жетеміз деп сенемін.

* * *

Бүгінде жер жүзінде геосаясаттың дүлей дауылы соғып тұр. Сондықтан мемлекетіміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығын және ұлттық мүддемізді қорғауды көздейтін стратегиялық бағдардан айнымауымыз керек. Негізгі міндет – осы!

Біз ең басты құндылығымыз – Тәуелсіздігімізді сақтап, ұлттық бірегейлігіміздің негізін нығайтып, елімізді жаңғырту жолында ұйысуға тиіспіз. Бұл – болашақ ұрпақ алдындағы қасиетті борышымыз.

Қазір саяси баррикадалар орнатып, әр мәселеге бола митинг өткізетін, күмәнді шешімдерге итермелеп, жөнсіз талап қоятын, міндетін орындап жүрген полиция қызметкерлерінің жағасына жармасатын уақыт емес. Осының бәрі халқымыздың әлем қауымдастығы алдындағы абыройын төмендетеді. «Қасіретті қаңтар» оқиғалары еліміздің беделіне елеулі нұқсан келтіргенін мойындауымыз керек.

Бейберекет саяси реформалар мемлекетті әлсіретіп, оның егемендігі мен тұтастығына зор залалын тигізуі мүмкін. Әлемнің арғы-бергі тарихында өз аумағының ауқымды бөлігінен айырылған, астаң-кестеңі шығып, берекесіздікке ұшыраған елдер туралы мысал жетіп артылады.

Жаңа Қазақстанды құру елді дамыту парадигмаларын өзгертуге бағытталған. Біз әр қадамымызды саралап, таңдаған жолымызбен алға сенімді қадам басамыз.

Біз жаңа Қазақстанда «түрлі көзқарас, бірақ біртұтас ұлт» қағидатын берік ұстануға тиіспіз. Диалог пен мәміленің жоғары мәдениеті еліміздегі азаматтық ынтымақты арттыратын басты фактордың біріне айналады.

Біз надандық пен ескілікке, радикализм мен масылдыққа, тоғышарлыққа және сыбайлас жемқорлыққа табанды түрде қарсы тұрамыз. Бір-бірімізді жат көрмей, жақын тартып, қоғамда нақты өзгерістерге деген сенімді орнықтырамыз. Жұртымыздың күш-жігеріне, дарыны мен еңбекқорлығына сүйенеміз. Әр азаматтың өз қабілетін іске асыруына барынша қолайлы жағдай жасаймыз.

Біз осылайша ғана халқымыздың жасампаздық әлеуетін арттыра аламыз. Осылайша ғана өмірдің барлық саласын өзгертіп, реформалар дәуірін өз қолымызбен жасаймыз. Біз кез-келген сын-қатерді бірге еңсеріп, Қазақстанымыздың қуатын бірге арттырамыз деп сенемін.

Сөзімнің соңында бір мәселеге ерекше тоқталғым келеді. Мен азаматтарымыздың ертең емес, бүгін бақытты өмір сүргенін қалаймын.

Ең бастысы – еліміздің егемендігі! Шын мәнінде, біз үшін Қазақстанның Тәуелсіздігі бәрінен қымбат. Осы тұрақсыз, құбылмалы әлемде Қазақстанымыз бізден басқа ешкімге керек емес. Сондықтан, маған елімнің амандығы мен жеріміздің тұтастығынан асқан ешбір құндылық жоқ.

Мені ең алдымен, халқымның болашағы қандай болатыны толғандырады. Қызметіме түрлі адамдардың беретін бағасынан гөрі, мемлекетімізді қорғап қалу – мен үшін аса маңызды міндет. Осы жолда жауапкершіліктің бәрін мойныма алуға дайынмын!

Бабалар аманатына адал болып, оны ұрпаққа табыстау – мен үшін киелі парыз.

Жаңа Қазақстан – жаңару мен жаңғыру жолы, бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты. Ендеше, Жаңа Қазақстанды бірге өркендетейік, ағайын!

Қастерлі Отанымыздың тұғыры мығым, абыройы биік болсын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан 2022 жылғы 16 наурыздан

ХОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ-НАУРЫЗ!

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ



Ұлыстың
ұлы күні
Наурыз
құтты болсын!

ҚЫМБАТТЫ ӘРІПТЕСТЕР, СҮЙІКТІ СТУДЕНТТЕР!

Жер-дүниені жаңартып, көктемді ерте келетін Ұлыстың ұлы күні — Наурыз мейрамы құтты болсын!

Наурыз – жыл басы, күн мен түн теңеліп, Жер-әлем жаңа кейіпке еніп, ерекше шуаққа бөленетін шақ. Жасампаздық пен жаңарудың бастауы болған Әз-Наурыз – кешірім мен мейірімнің, үміт пен сенімнің, ізгілік пен түсіністіктің мейрамы. Тұран төсін жайлаған түгел түркі халықтарына ортақ мерекесі бауырлас халықтар арасындағы татулық пен бірлік, төзімділік пен ерік-жігер, игілік пен тазалықтың тұғырын нығайтып, риясыз шаттыққа бөлейді.

Осынау ұлық мейрамымызда әрбіріңіздің шаңырағыңызға ырыс-ынтымақ, бақыт пен молшылық тілеймін! Арайлап атқан әрбір таң шат көңіл, қуаныш және береке сыйласын. Ұлыс оң, ақ мол, жыл ырысты болсын! Жаңа жылымыз құтты болсын!

Университет ректоры
Жанар ТЕМІРБЕКОВА

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

Чанаккале жеңісінің 107 жылдығы мерекеленді

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде Чанаккале теңіз соғысындағы ұлы жеңіс күні үлкен салтанатпен атап өтілді. Тағзым шарасы Отан қорғау жолында шейіт болған құрбандар мен Мұстафа Кемал Ататүрік бастаған қаһарман күрескерлерді бір минут үнсіз еске алу рәсімімен басталды. Қазақстан мен Түркия Республикаларының еңбегіне асқақтады.

Университет ректоры Жанар Темірбекова Чанаккале жеңісінің Османлы дәуірі мен мұрагері – Түркия Республикасы үшін және де тұтас Түркі жұрты үшін тарихи маңызын талдап сөз сөйледі. Жанар Амангелдіқызы Чанаккале қаһармандары ел шетіне жау келгенде толарсақтан саз кешіп, ерен ерлік көрсеткенін баяндады. Чанаккале (Дарданелл) бұғазында дұшпанның сағы сынып, еңкеймес ер рух әлемге әйгілі болғанын айрықша атап өтті. Университет басшысы Жаңа Қазақстанды құру бағытында Түркі әлеміне ортақ тарихи жеңістерімізден тағылым алуымыз қажеттігін тілге тиек етті.

Ректор өкілі, профессор Женгиз Томар тұтас Түркі әлемінің мыңдаған жылдық тарихында тар жол, тайғақ кешудің аз болмағанын атап өтті. Дегенмен, жарқын жеңістеріміздің көптігіне назар аударды. Чанаккаледе қасық қаны қалғанша шайқасқан қаһармандар бұғаздың өткел бермес берік қамал екендігін дүниежүзіне паш еткенін тілге тиек етті. Ректор өкілі азаттық жыршысы Мехмет Акиф Ерсойдың «Чанаккале шейіттеріне» жырын оқып, мәжілістің маңызын арттырды.

Студент жастар Чанаккале теңіз соғысындағы ұлы жеңіске арналған өлең-жырларды жатқа оқып, халық әндерін орындады.



ТҮРКОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ИНТЕГРАЦИЯ



Ахмет Ясауи университеті Түркология ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастыруымен «Материалдық емес мәдени мұра» атты жобаға дайындық жұмыстары бойынша оқу ордамыздың ғалымдарына арнайы сертификат табысталды.

Университет басшысы Ж.Темірбекова Түркияның ғылыми-технологиялық зерттеу кеңесі (TÜBİTAK) тарапынан университет ғалымдарына мұндай мүмкіндіктердің берілуі — түркология саласындағы ғылыми интеграцияның дамуына жол ашатынын жеткізді. Сонымен қатар DergiPark платформасына университет басылымдарының енуі – жарияланымдардың Халықаралық сипат алуына тың серпін беретінін баса айтты.

Ғылыми жоба аясында ғалымдарға қолдау танытқан ректор өкілі Женгиз Томар мен ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Е.Ошибаева «Халықаралық және DergiPark жүйесіндегі жарияланым» атты семинар жүргізген Түркиялық ғалымдарға алғыс білдіріп, сәттілік тіледі.

ТҮРКОЛОГИЯ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

“БИ-СҰЛТАН” БИ АНСАМБЛІ ШЕТЕЛДЕ ӨНЕР КӨРСЕТЕДІ

Университетіміз бен Түркістан қаласының мақтанышына айналған “Би-сұлтан” би ансамблі Түркия Республикасында өтетін Халықаралық Наурыз фестиваліне шақырту алды. Бұл 20 жылдық тарихы бар ұжымның шетелге соңғы он жылдағы алғашқы сапары болмақ. Бүгін университет ректоры Жанар Амангелдіқызы “Би-сұлтан” би ансамблінің жетекшілері мен мүшелерін қабылдап, сәт сапар тіледі.

2022 жылғы 18 наурыз бен 1 сәуір аралығында Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының ұйымдастыруымен өтетін фестивальге түркітілдес елдерден келген шығармашылық топтар қатысады. Екі аптаға жуық уақыт ішінде қатысушылар Түркияның Анкара, Стамбул, Эскишехир, Инеголь, Болу, Муданья, Гэмлик, Изник және т.б. қалаларын аралап, концерт қояды.

Түркияға аттанатын би ансамблін ректор Жанар Темірбекова қабылдап, бұл сапар ұжым үшін үлкен жетістік екенін айтты. Ректор биші қыздарға ақ жол, концерттік бағдарламаларда сәтті өнер көрсетулерін тіледі.

Өз кезегінде, «Би-сұлтан» би ансамблінің жетекшісі Айболат Орынбай мен биші қыздар шетелге шығуға қолдау көрсеткен университет басшылығына алғыс айтты.

Айта кетейік, 2002 жылы университетіміздің әр мамандықтан жиналған студенттерінен жиналып, «Би-сұлтан» би ансамблін құрды. Бұл ұжым 2004 жылы университетімізде «Хореография» мамандығының ашылуына себепкер болды.

Бүгінде «Би-сұлтан» – өзіндік ерекшеліктері мен жетістіктері бар халықтық би ансамблі. Ұжымды сахналық киімдері де өзгелерден ерек етеді. Көркемдік жетекшілері – ҚР үздік хореографтары, ҚР мәдениет қайраткерлері Орынбай Айболат және Тәуекелова Гүлнәзия.

Университеттің талантты биші студенттерінен құралған «Би-сұлтан» би ансамблі көптеген байқаулардың жеңімпазы атанған. Бұл ұжым 2003 жылы Астана қаласында өткен «Шабит» халықаралық шығармашылық фестивалінде бас жүлдені жеңіп, дәл сол жылы Польша мемлекетінде «Мазовше» корольдік би ансамблінің ұйымдастыруымен Халықаралық хореографиялық фестивалінде Дипломант атанды. Ал 2011 жылы РФ-ның Уфа қаласында өткен Халықаралық «Байық» фестивалінде «Гран-при» иеленген. Би ансамблі басқа да көптеген аймақтық, республикалық және халықаралық фестивальдерде өзіндік ізін қалдырып, көрермен көзайымына айналып үлгерді.

“Би-сұлтан” би ансамбліне шығармашылық табыстар мен елеулі жетістіктер тілейміз! Түркия еліне сапарларыңыз сәтті болсын



КӨРМЕЙІН ДЕСЕМ КӨЗІМ БАР...

Орыс жазушысы Гогольдің Нева өзені үстіндегі көпірден өткен адамдардың аяқтарына қарап тұрып ой толғайтыны бар ғой. Бастарын, тұлғасын көрмей-ақ аяқтарының жүрісі мен аяқ киімдеріне қарап бүкіл ел жағдайынан мәлімет бергендей болады. Ол жазушының ел жағдайын көріп біліп тұрған сұңғыла ақылы мен әрбір нәрсені аңғара алатын көрегендік екені анық. Отандастарына өздерінің бейнесін көрсетіп, ой түйсін деген, жақсылыққа ұмтылсын деген игі ойы да болар.

Бұл әңгіменің ойыма түсіп отырған себебі кеше дайын билетіммен ұшаққа отыра алмай қалып, қайтадан билет алып, ол ұшақ бес сағатқа кешігіп, ұзақ уақыт әуежайдың күту залында отыруға тура келді. Еріксіз айнала көз салып, елдің бет бейнесін танытатын түрлі топтағы адамдарға көз салады екенсің. Ол жерде еңкейген көрі де, орта жастағы сары кідір жандар да, балаларын жетектеген есейіп қалған қауым да, әлі бастықпаған шу асаудай елігіп тұрған жастар да, ата-әжелерінің, ата-аналарының қасында болғанымен, олардан өздерін оқшаулау ұстауға тырысқан, не ересектерге, не кішкентайларға қосыла алмай жүрген жасөспірімдер де кезігеді. Асығыс да, жай қозғалыстағылары да бар. Ерекше бір толқынның құрамында өз бағытымен жылжып бара жатқан кішкентай толқындар. Еріксіз Мағжан ақынның толқын туралы өлеңі еске түседі. Ол да судағы толқынды емес, адамдар толқынын сөз еткен болар...

"Қонақ аз отырып, көп сынайды",- дейді. Бірі келіп, бірі асығыс жиналып кетіп жатқан адамдар жиыны - бүгінгі қазақ ұлтының бет бейнесін танытатыны есіме түсті. - Егер мен шетелден келген, қазақ деген ұлтты білуге келген адам болсам, қазақ ұлты туралы осы жерден қандай мәлімет алар едім? - деген ой келмесі бар ма? Жан-жағыма бар ықыласпен зерттеп қарай бастадым.

Кез келген асхана өздерінің ерекше дәмін ұсынады, сол арқылы өз беделдерін көтеруге, өзі қатарлы әріптестерінен артықшылықтарын дәлелдеуге тырысады. Заводтар мен фабрикалар, фирмалар да солай. Жануарлар әлемі де Алла жаратқан о бастағы өзгешеліктерін сақтап келе жатыр. Ал, ең ұлық жаратылыс адам баласын тану да, түсіну де қиындап барады. Соның ішінде біздің ұлт өз бет бейнесін, ұлт ретіндегі өзіне ғана тән ғажап өзгеше белгісін мүлдем жоғалтып алғанына бүгін анық көзім жетті. Басқа елдерге барған сырт адамы ол елдің ұлттық ерекшелігін танытатын біраз нәрселерді бірден анықтай алады. Ең бірінші ұлттық тілдерінде сөйлейді. Екіншіден өз ұлтына тән ұлттық киімдерін киіп жүреді. Ең маңыздысы ұлттық мінез-құлықтарын көп өзгертпеген. Ал біз бәрінен айрылып қалыппыз. Күнде көріп жүрген қазақ әлемін енді көріп отырғандай сырттай бақылап отырмын. Алла тағала, әдейі уақыттан шатастырып, жолымнан қалдырып, осыған бір назар салшы дегендей. Еріксіз өзім өмір сүріп отырмын, өмір сүріп келе жатқан әлеміме таңдана қарап отырмын. Ақ кимешектері желбіреген кемпірлер түгілі, жасы келген әйелдердің арасында ақ жаулықтылары да жоқ екен. Ұзын етек көйлек киген әйел заты да санаулы. Бұл үдеріс екі мыңыншы жылдардан бергі жерде етек алғаны рас. Соның ішінде өзіміз де болғанымыз рас. Бірақ соншалықты елдің, ұлттың бет бейнесін осыншалық өзгертіп жібергеніне дәл бүгінгідей мән бермеппін. Алдындағы орындыққа екі қазақтың қызы орталарында шетелдік бір мұрны ұзын, шашы ұйпаланған жағы кудай бір сары жігітпен келіп отырды. Әрине, орыс тілінде ғана сөйлейді. Айналасында үлкен кісілер бар-ау деп сәл қымсынуды білмейді. Біреуі әлгі сарының қойнына кіріп барады, сақылдап күліп, шалқалап барып әлгінің құшағына құлайды. Екіншісі де соған қарап, телміріп, өңменін үзіп отыр, ал әлгі шетелдік аспандағы айды ұстағандай тәкаппар, ұпайы түгел...

Намыстан жарылардай болып, олармен қалай тілдессем екен деп өз ойыммен отырғанда, олардың тұрып кеткендерін байқамай қалыппен. "Бір апам бар, бұдан да сорақы" дегендей, орнымнан тұрып олай-бұлай біраз жүріп қайта келіп отырсам, екі бала жетектеген қазақтың қызы келді. Жасы қырыққа келіп қалған сияқты. Қасындағы күйеуі ағылшын екен. Бәрі ағылшынша сөйлесіп, өздерін тым жоғары санайтындай. Өз қандастарынан ыңғайсыздандудың орнына, өзі бір жаратушының кереметіне қол жеткізгендей үстем көзқараста отырды... Осындай өзге елдің ұрпағын еріткен үш қазақтың қызы болды. Бәрінде жаңағыдай көзқарас...

Студенттер болу керек оншақты ұл мен қыз бір топ боп кірді. Улап-шулап, сақылдай күліп, сәмпылдап сөйлеп, өзгелермен шаруасы жоқ, өздерімен тағы бір өзгеше құбылысты ала келді. Ұлдардың шаш қою үлгілері өзгеше. Біреуі сап-сары етіп бояп, етек жағынан бір елідейін қоңырқай етіп тақия сияқтандырып қойыпты. Біреуі желке жағын қырып, маңдай жағын ұйыстырып бұйралап тастапты. Әрқайсысының шаштары әртүрлі, бізге оғаштау көрінетіндей екен. Қыздарының киімдері де соларға лайық. Олардың ерекшеліктері үнемі орыс тілінде сөйлесіп

тұрады да, ара-арасында ағылшын тілін араластырып отырады. Қазіргі жас толқынның бір беталысын танытатын қауымның өкілдері. Сөздерінен де, мінез-құлықтарынан да қазақ ұлтына тән бір белгі, бір көрініс байқалмайды... Орта жастардағы ер азаматтардың да жүріс-тұрыстары мен сөз саптауларына мән бере бастадым. Сөздерін тыңдап, әңгіме мазмұнын емес, бойларынан қазақы мінез іздеп отырмын. Қазақша басталған сәлемдесу соңы орыс тіліндегі ұзақ сонар әңгімелерге ұласып кетіп жатты. "Мал, жан аман ба?" - деп басталатын қазақы жөн сұрасуға сәйкес келетін ешнәрсе байқамадым. Әрбір көрген қазақтан қазақ мінезін ынтыға іздеп отырғанымды байқадым. Қазіргі біздің ортада кәдімгі әке-шешелерімізде бар қазақы мінез тапшылыққа айналған екен...

Енді әртүрлі жастағы әйелдердің мінездері мен сырт көріністерін бақылауға көштім. Сонша уақыт отырғанда келіп кетіп жатқан нөпір көпшіліктің ішінен бір ғана қазақ қызы әдемі қызыл көйлек киіп, омырауына сәнді түйреуіш тағып, сыртынан кестеленген қазақша жеңсіз кеудеше киіпті. Сыртында жеңіл пальто, аяғында етік, көйлегі ұзын емес, бар киімі өзіне сондай жарасып, қасынан өткендер көз тоқтатып қарап өтіп жатты. Оншақты әйел, ең үлкендері орта жасқа келген-ау, қалғандары жас келіншектер, аппақ орамал салып, көйлек киіп келді, мына қауымның ішіне ақ қанат көгершіндер кіріп келгендей әсер етті. Тез келіп, тез кетіп қалды, қай бағытқа кеткенін аңғармай қалдым. Кішкентай балалардың ішінен төрт-бес жасар кішкентай қыз бала назарымды аударды. Келіп орындыққа жайғасты да өз-өзімен ойнап отырды. Кішкентай екі інісі бар екен. Жүріп жүргені жүгіріп кетіп, кішкентайы шырылдап жылап анасының мазасын алды. Әлгі қыз оларға қарап қойып: - Анашым, мен тыныш отырмын,- деп қояды. Өзіне берілген тапсырманы бұлжытпай орындап отырғаны анық... сүйкімді жүзіне елжірей қарап қойдым...

Ал, үлкенді-кішілі әйелдер, қазақтың емес, өзге елдің тұрғындары сияқты. Киім киістері, қимыл қозғалыстары, сөйлеген сөздері бәрі... Дәл алдындағы орындыққа ерлі-зайыптылар келіп отырды. Жастары жетпіске келіп қалған. Оларда қазақпыз деген еш ой жоқ сияқты. Әрбір сөзі мен әрекеттері жүйкеме тиді. Екеуі де өздерін он бес- жиырмадағы жас кезінен алыстай алмай жүрген сияқты. Сонымен бірге орыс тілін білетінін үлкен мақтаншы көретіндей. Әжемнің бір дөрекілеу мақалы болатын: "Қыз кезінде қызара алмаған, қартайғанда жыртығанын қоймайды",- деген. Қызылды, жасалды етіп қолдарынан келгенше қыздарын сәндеген ғой. Одан әрі өз жас ерекшеліктеріне сәйкес киімдерін де

байсалдандырып, салмақтандырып отырған ұлтымыздың психологиясын танытатын мақал екен, қазір ойлансам. Ана болған, әже болған, айбарлы ене болған замандастарымнан мен ондай салықалы көрініс көре алмадым. Орыс миссионер ғалымы Ильминский "Әулие синодқа" хат жазып, қазақтарды орыстандырып, шоқындырудың ең оңай әдісін тапқанын қуана жазады. Сондағы тапқан әдісі - қазақ қыздарын орысша оқыту. Егер қазақ қыздары орысша оқыса, орыс тілінде сөйлейді, балаларын да орыс ықпалы мен тәрбиелейді, қазақтар бірнеше ұрпақ өткенде оп-оңай орыстанып шығатынын айтады. Соныны дәлелдегендей жоғарыда айтқан бір топ жастар бізбен бірге ұшаққа отырды. Қыздар менің артымдағы орындықтарға, ұлдар келесі қатарға жайғасты. Артқы орындықтағы қыздар тек орыс, ағылшын тілдерінде сөйлесіп отырды. Бір кезде қазақ тілінде қаттырақ сөйлеген сөзге елең етіп жалт қарасам, бағанағы шашын тақия сияқты етіп қырықтырып, ақ сарыға бояп қойған бала екен. Таза қазақ тілінде қасындағыларға әңгіме айтып жатыр. Менің оқыс қарағанымды байқап, сәл ыңғайсызданып, дауысын бәсеңдетіп қойды. Ал, мен оған ерекше мейіріммен қарадым, разы болып қалдым. Өйткені менің жаным осыны, таза қазақ сөздерін іздеп отыр еді. Сонда миссионер сөзінің растығына тағы да көзім жеткендей болды. Қанша орысша, ағылшынша оқып, солардың үлгісімен киінсе де, ұл балалар қазақша, өз ана тілінде сөйлеп отыр, ал қыздар бір ауыз қазақша айтпайды, жан дүниелері мұз болып сіресіп қатып қалғандай. Біз осы сатыдан, миссионер айтқан сатыдан өтіп кетіппіз. Қазақ әйелдері тұтасымен (бірлі жарымдары бар ғой), үлкені де, кішісі де ұлттан, ұлттық болмыстан жерініп кетіппіз. Ұлтты сақтау үшін қазақ әйелдерін қайта тәрбиелеу керектігіне көзім жетті. Кеңес үкіметі келген күннен бастап, қазақ әйелдерін өзгертуге күш салғанының мәнісі сонау Ильминский ұсынған жобада жатыр екен. Қазақ әйелдеріне теңдік әпереміз деген ұранның астарында қазақ әйелдері, аналары арқылы қазақты ұлтсыздандыру, ұлттық құндылықтардан айыру мақсаты бұғып жатыр екен. Сол мақсат орындалып, ұлтымыз ішкі қуатынан айрылып, қуаты кеміп тұрған кезеңде тұр екенбіз. Өкініш өзекті өртеп кетті... Бұны қайтадан көтеретін де сол қазақ әйелдері болуға тиіс. Балаларды дұрыс жолға салатын аналар, ұлттық қасиеттерді қастерлеңіздерші!.. Алладан да осы тілекті тілеумен болдым...

Жанымгүл КАМАЛҚЫЗЫ,
Астана. 19.03.2022.



НАУРЫЗ

НАУРЫЗ - ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ

Жаңа жылдың бастауы - Наурыз бүкіл Қазақстан халқының ортақ мерекесі. Наурыз - әлем халықтары арасындағы жылдың жаңаруын алғаш әйгілейтін, адамзатқа дәстүрлеген бірден бір ежелгі мереке. «Наурыз» сөзінің әлем бойынша таралу аумағына қарағанда, жыл бастауы саналатын мейрамның көптеген елдерге ортақ екендігін түсінесің. Мейрамды Алдыңғы және Орта Азия елдерінің көптеген халықтары көктем мерекесі және табиғаттың жаңару күні ретінде 3 мың жыл бойы атап өтіп келеді. Ал кейбір деректерде наурыз шығыс славяндарына да ортақ екендігі жазылған. Бұл мереке туралы тарихи деректерді көне және орта ғасырлық авторлардың еңбектерінен жиі кездестіруге болады.

Тәжіктер оны «Гульгардон» немесе «Гульнавруз», татарлар - «Нардуган», ежелгі гректер «Патрих» деп атаған екен. Ықылым заманнан мерекені атап өтудің негізінде табиғатқа деген махабат пен адамгершілік қағидаттары жатты. Оның көнелігіне қарамастан, мереке халық жадында сақталып қалды және қазіргі уақытта терең рухани-этикалық мағынаға ие болды. Ал бүгін оның негізіне қазіргі заманның түйіткілдері - адам мен табиғаттың бірлігі мен өзара байланысы енгізілді. Қазақша жыл қайыру бойынша бұл күн әдетте күн мен түн теңесетін - 21 наурызға сәйкес келіп отырған. Сондықтан, қазақтар «март» айын - наурыз деп атады. Бұл күні табиғат жаңарып, тіршілік оянады, көктемнің алғашқы найзағайы ойнап, көк шығады деп саналған. Наурыз діни емес мереке болғандықтан, ол сол жерді мекендеген барша халықтың думанына айналып отырған. Қазақ елі Наурызды қалай қарсы алған? Қызыр түні жаңа жыл табалдырықтан аттап, үйге енгенде, «жалғыз шала сәуле болмас» деп төрге қос шырақ жағылып қойылған. «Жаңа жыл мұнтаздай таза үйге кірсе, ол үй ауру-сырқаудан, пәле-жаладан аман болады» деген сеніммен Наурыз қарсаңында үй ішіндегі жиһаз-мүліктің шаңы қағылып, жуылып тазартылады. Бұл күн қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Ол күні қар не жаңбыр жауса, «нұр жауды», «туар жыл жақсы жыл болады» деп қуанған. Аңыз-жырларымызда арудың сұлулығы мен жібектей мінезін наурыздың ақ қарымен теңеген. Қазақ мерекені көрісуден бастаған. «Қыстан аман-есендікте, бауырымыз бүтін, төрт көзіміз түгел шықтық», - деп ағайын, туыс-жораға барып көріскен, сәлемдескен. Ер адамдар қос қолдасып, төс соқтырады, ал әйелдер болса, құшақтасады, ерлер мен әйелдер кездессе, құшақ айқастырады. Ал дәл мереке күні бүкіл ауыл ел болып, әсіресе жастар жағы таң шапағатын қарсы алғаннан кейін, «Бұлақ көрсең, көзін аш» деп қаумаласқан жігіттер айнала төңіректегі бастаулардың көзін ашса, «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын!», «Бір тал кессең, он тал ек!» деген қариялар бұлақ басына тал егеді. Әйелдер атып келе жатқан Күнге тәу етіп, «Армысың, қайырымды Күн-Ана!» деп иіліп сәлем береді, «Кеудесі түкті Жер-Ана, құт дарыт, жарылқа!» деп ашылған бұлақ көзіне май құйып, жаңа егілген ағаштарға ақ бүркеді.

Бұдан кейін ұлттық ойындар ойналады: көкпар, аударыспақ, күрес, қыз қуу, алтыбақан, ақсүйек, тең көтеру, бағанаға өрмелеу, арқан тартыс, жаяу жарыс және тағы басқалар. Ежелгі Наурыз тойының мәнге толы тағы бір дәстүрі өгіз сойып, қазан көтеру. Жас жігіттер ошақ қасына өкіртіп әкеліп өгіз сояды да, оның бауыздау қанымен ойнап жүрген балалардың маңдайына дөңгелек ою салады. Қыз-келіншектер болса тоқшылық пен ырыс-құттың жоралғысы ретінде дәмді тағамдарды молынан әзірлейді. Олардың арасында мейрамның ең басты дәмі - Наурыз көже бар. Оның құрамы жеті түрлі заттан - соғымнан қалған сүр ет, қойдың басы, сүт, езілген құрт, бидай (тары, күріш), пияз және судан тұрады. Онымен бірге ақ мол болсын, дастархан майлы болсын деген ырыммен ыдыстарға бидай, арпа, сұлы, жүгері толтырып, сүт, айран, шұбат, шалап, уыз құйып қойылады. Кеш түсіп, күн батуға айналған мезетте ортаға екі ақын шығып, жақсылық пен жамандықтың, суық пен жылының, қыс пен жаздың күресін бейнелейтін «өлі мен тірінің» айтысын бастайды. Сондай-ақ ортаға мифологиялық кейіпкерлер шығады. Айтыста күн ұясына бата өлі жеңіледі, зұлымдық иелері - Қалтырауық Қамыркемпір, Ақпан, Тоқпан, Өзмырзалар тым-тырақай қаша жөнеледі. Алтыбақан басында жастар түнімен халықтық ойындар ойнайды, айтысады. Бұл кеште айтылмаған ән, тартылмаған күй, танылмаған шешен қалмайды. Таң ата көпшілік биіктеу төбенің басына шығып, атқан танды қарсы алады. Қазақтың астрономиялық түсінігі бойынша, Жаңа жылда Күннің көзі көрінген уақыттан кейінгі екі сағат уақыт «күн сәті» деп саналады. «Егер кімде-кім Ұлы күннің күн сәтінде күн шұғыласын маңдайымен тосып қарсы алса, оған Наурыздың құты дариды» деген. Наурыз мейрамының тағдыры қазақ жұртының тағдыры іспеті оңай болған жоқ. Тоталитарлық жүйе кезеңінде (1926 жылы) ұлттық сипатқа ие мереке-мейрамдар мен әдет-ғұрыптардың қатарына Наурыз да жатқызылып, «діни астары бар» деген сылтаумен оны мерекелеуге тыйым салында. Тек 1988 жылы ғана Ұлы күннің ұлы күні - Наурыз қазақ даласында қайта жаңғырды. Ал 1991 жылы 15 наурызда Қазақ КСР Президентінің Жарлығы шығып, Елбасы 22 наурызды - «Наурыз мейрамы» деп жариялады. Осы уақыттан бастап Өз-Наурыз мемлекетіміздің мерейлі мерекесіне айналып, республика бойынша кеңінен тойланып келеді. Онымен бірге, 2010 жылдың 23 ақпанында Өзірбайжан мемлекетінің ұсынысымен Қазақстан, Ауғанстан, Иран, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркия, Албания, Македония және Үндістан елдерінің қолдау көрсетуімен Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясы, 21 наурызда - Халықаралық Наурыз күні етіп белгіледі. Осылайша, Балқаннан Орта Азияға дейінгі өңірлерде сан ғасырлар тойланып келген мерекені әлемге жар салып, атойлатып атап өту мүмкіндігі туды. Арайлап жеткен Өз-Наурыз мейрамында ақ мол болып, жылымыз ырысты болсын. Ежелден жаңару мен жасампаздықтың бастауы, бейбітшілік пен келісімнің арқауы болған Ұлы күннің Ұлы күні жанұяларыңызға бақ-береке, еңбектеріңізге толағай табыстар әкелсін!

НАУРЫЗ АЙЫ МЕН ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ МЕН ҰҚСАСТЫҒЫ

Наурыз – халқымыздың көнеден келе жатқан жаңа жылы. Жер көгеріп, күн мен түннің теңелген уақытында тойланатын түркі халықтарының бұл мейрамы нақты қай уақытта шыққанын айту қиын. Бұрынғылардың жылнамасына үңілсек, дәл осы уақыт ежелгі ата-бабаларымыздың түсінігі бойынша алты ай жаз «иас» және алты ай қыс «қыш» деген ұғымды білдірген екен. Қытымыр қыстан аман-есен шығып көгенге бет алған бабаларымыз осы екі мезгілдің ауысар тұсында жаңа жылды да уақытында тойлап отырған. Бұл жаңа жылдың бүкіл әлем тойлайтын 31 желтоқсаннан қандай айырмашылығы бар екенін тізіп көрейік.

Желтоқсанның ызғарлы күнімен келіп жететін жаңа жылдың ауа райы мен мамыражай уақытта келетін наурыздағы жаңа жылдың күн райы

тіпті бөлек болады. Себебі екеуі екі мезгілде тойланады. 31 желтоқсан күні аталып өтетін әлемдік мейрам жаңа жылды жер бетінің барлық жұртшылығы тойлайтын болса, наурыз айындағы жаңа жыл тек түркі халықтарының арасында мерекеленеді.

Бүкіл әлем тойлайтын жаңа жылды түнгі сағат 00-00-де әртүрлі отшашумен қарсы алатын болсақ, қазақтың жаңа жылына қамдану наурыздың 1-інен басталып кетеді. 22 наурыз күні барлық аймақ таңертеңнен жаңа жылдың келуімен бір-бірін құттықтап, амандық сұрасады. Және бұл уақытты айтулы тойдың көрігін қазақтың киіз үйі мен жұртшылықтың дәстүрге сай киген киімдері аша түседі.

Түнгі он екіде аққайнарды аспанға атып түрлі тілекті бір-біріне жаудыратын адамдар наурызда келесі жаңа жылдың келуіне дейін жету үшін қол жайып, бір-біріне ақ батасын беріп жатады. Дастарханға ежелгі салт бойынша жеті түрлі дәмнен жасалған наурыз көже әкелініп, сол маңайдағы барлық адамға дәм татуға үлестіріледі.

Наурыздың жаңа жылдан тағы бір ерекшелігі жас жігіттер өздерінің көңілі түсіп, сезімін білдіргісі келген қыздарға "ұйқыашар" ретінде сақина, білезік, сырға, т.б. көптеген бұйымды сыйлап, арулардың жүрегін селт еткізеді. Сондықтан мұндай кәделі сыйдың атын "селт еткізер" деп атаған.

Ғазиза БОЛАТ,
4-курс студенті



НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ҚАЛАЙ ТОЙЛАЙДЫ?

Наурыз мерекесі бүкіл адамзат қауымына ортақ болса да әр ел әртүрлі тойлайды. Мұның өзі Наурыз мерекесінің қызыққа толы көрінісін ерекшелей түспек. Наурыз мерекесі мұсылман елдеріне тән болған соң, Әз Наурыздың әр елдегі көрінісіне тоқталсақ.



мейрам басталғанын хабарлап, өлең-жырлар айтып, би билейді. Бұларды «Аму Ноуруз» немесе «Наурыз ата» деп атайды. **Ирандықтар** үшін наурыз – қайырымдылық күні. Себебі байлар кедейлерге қолдарында бар заттарын бөліп береді. Ал үкімет түрмеде жазасын өтеп жатқандарды босатады немесе жазасын жеңілдетеді.

Тағы бір қызығы, мемлекеттік қызметтегілерге су жаңа ақшалар сыйлыққа беріледі. Иран балаларына да наурыз мерекесі қуанышты күн болып саналады. Ата-аналары ірі қағаз ақшалар мен алтын тиындар, т.б. сыйлықтар сыйлайды. Бұл – ирандықтардан ежелден келе жатқан дәстүрі.

Тәжікстан. Тәжіктер үшін бұл сағына күтетін, орны бөлек мереке. Халық түсінігі бойынша наурыз тек табиғаттың түлеуі емес, адамзаттың асыл қасиеттерінің жаңаруы сияқты. Сол күні бір-біріне деген өкпелерін ұмытып, көріседі. Тәжіктер осы күні ағаш көшеттерін отырғызады, жер өңдеп, егіс жұмыстарын бастайды. Әр отбасы қонақ күткендей дастархандарын тек өздері өндірген дөңге толтырады. Бидайдың ең алғашқы өскінінен сумалак (сүмелек) дайындайды. Содан кейін С-дан басталатын 7 тағам әзірлеу керек. Оның ішінде самбуса (самса) болады. Көкөніс пен жеміс те дастарханға әкелінеді, ең соңында палау дайындалады. Қазір де тәжіктер наурызды ұлттық салт-дәстүрлеріне сай тойлап жүр. «Пойга» (бәйге), «гуштангири» (күрес), «бузкаши» (көкпар) ат ойындары көпшіліктің қатысуымен өткізіледі.



Түркия. Наурызға байланысты Түркияда мынадай аңыз ба: күштері басым жаудан жеңілген түріктің жараланған жас баласын қаншық қасқыр тауып алып, ғажайып бір жерге әкеледі. «Ергенекөн» деп аталатын осы жерде ол өсіп, өніп, шамамен 400 жылдай өмір сүреді. Сол арада халық санының өсуіне байланысты адамдар басқа өлкеге шығуға жол іздейді. Осы жолда темір ұстасының жол көрсетуімен тауды жарып өтеді. Түріктер үшін наурыз осы оқиғаға сәйкес келеді. Сөйтіп түріктер арасында Жаңа жылдың алғашқы күні болып наурыз тойлана бастады. Түрік әкімдері бұл күннің басталғанын, темір ұстаның құрметіне қыздырылған темірлерді бір-біріне соғумен білдіреді. Бұл дәстүр көшпенді түріктер арасында әлі күнге дейін сақталған. Наурыз Әнтал (Анадолы) түріктердің арасында 1826 жылға дейін сол кездегі әскери жағдайға байланысты өзгеше тойланады. Түріктердің көктем мерекесі әдет-ғұрыпқа, түрлі сенімдерге толы. Отбасы жиналып үлкен қонақасы беріледі. Мөрген жігіттер 6 күн бойы садақпен көздеу, 7-ші күні жамбы атысы секілді өнер көрсетеді.



Ауғанстан.

Наурыз мейрамында ауғандықтар мүмкіндігінше жаңа киімдерін киіп көшеге шығады. Әр отбасының дастарханында ұлттық тағамдардан «Сабри Пулак», «Саманак», т.б. дайындалады.

Наурыз мерекесіне дейін үш күн ылғалдап бабына келтіріп қойған кептірілген жеті жемістен шырынсу жасайды. Бір-бірлеріне тағамдарын ұсынып, қонаққа шақырады. Жастар көкпар тартады. Олар көкпарды «базкаши» деп атайды. Ұлттық мереке ең әуелі ағаш көшеттерін отырғызумен басталады. Сонан соң тайлы-таяғымен зират басына барып құран бағыштайды. Шама-шарқынша бір-біріне сыйлық ұсынады.

Дайындаған: Баян ЕРКІНҚЫЗЫ
1-курс студенті



Әзірбайжан, Әнтал, Балқан, ауған, татар, қырғыз, қазақ, өзбек, түріктер немесе түрікше Ергенекөн мерекесін түрлі салт-жоралғылармен сақтап келеді.

Иран. Наурыз мейрамы жыл сайын Иран күнтізбесі бойынша фарвардан айында, яғни наурызда тойланады. Бүгінде ирандықтар үшін наурыз тек қана тарихи-мәдени жағынан ғана емес, күнтізбеде белгіленген бүкілхалықтық той болып саналады. Наурыз мерекесінде көшелерде қызыл түсті киінген адамдар

БІЛІМГЕР

Студенттер беті

АУДИТОРИЯ



ЖАТАҚХАНА - ЖАЙЛЫ МЕКЕНІМ!

Студенттік өміріміздің ең бақытты шағы-жатақханадағы естеліктер. Жатақхана өмірі бұрын-соңды ата-анасының қасынан бір адым алыс шығып көрмеген балаға бәрі таңсық көрінеді. Мен қазіргі таңда Халықаралық қазақ-түрік университетінің №2 қыздар жатақханасында тұрамын. Мұнда университет табалдырығын аттаған сәттен бастап тұрақтағанмын. Біздің оқу ордамызда 7 бірдей жатақхана бар. 3342 студентке орын табылады. Жылда студенттердің 40% - ын жатақханамен қамтамасыз ете алады. Студенттік жатақхананың әр бөлмесі ғаламтор жүйесімен қамтамасыз етілген.

жылы оқуға түскен мезетте бұл нәрсеге таңқалғандардың арасында мен де бармын. Кейіннен, жылыту құралдары бар тек тамақ дайындау кезінде газдың болмайтынын білдік. Соңдай-ақ газ баллондарын қоюға да қатаң тыйым салынған. Бір-бірімен көршілес әрбір бөлме мен студенттер жағдайы ескеріліп, жатақханада газ жүйесі болуының қауіп-көтері көбірек екенін ескерсек, бұл қай жағынан алып қарасаңыз да дұрыс шешім. 1997 жылы бой көтерген жатақхана болса да өз сырын кетіре қоймаған. Әр жыл сайын арнайы қаржы бөлініп, әр бөлменің бұрыш-бұрышына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп отырды. Мәселен, биыл жатақханада еденді ауыстырып, бөлмедегі үстел орындықтарды жаңалаған.

Биыл оқу ордамызға түскен бірінші курс студенттерінен жатақхана туралы пікірлерін естідік. Солардың бірі Балжан Айдарханова: — Оқуға түскенде студенттік өмірмен қатар, жатақхананың қызықтары да таусылар емес. Маған өз оқу орнымдағы жатақхананың ұнамаған тұсынан, ұнағаны көбірек болды. Біздің жатақханамыздың ерекшелігі-ұл балалар мен қыз балалар жатақханасының бөлек болғаны, әрбір екі бөлмеге ас бөлмесі мен жуынатын бөлмелердің болуы, әр апта соңында түрлі кештер ұйымдастырылатындығы. Біз жатақхана алмақ болғанда, әртүрлі пікірлер естідік. Жатақхананың бізге ұнамаған тұстары интернеттің дұрыс жасамауы ғана болған. Кейіннен коммендантымызға айтып, дұрыс жұмыс жасатқызып алдық.”-деп пікір білдірді.

Әрбір адам өз жағдайын(комфортын)өзі жасай алады. Жатақхана студенттердің қажеттіліктерін үнемі қамтасыз ету үстінде. Көрпе-төсек, кітап сөрелерін жаңалап, айнаға дейін жеткізіп береді. Студенттерді жыл басында-ақ жатақхана тұрғындарының міндеттері мен құқықтары, оны сақтау



Біздің жатақхана түрік сәулет үлгісінде салынған. Жатақхана ішінде асхана, оқу залы, кір жуатын бөлме, спорттық-дайындық бөлмелері бар.

Әуелде оқу жылының басында жатақхана тапшылығы мен бағасы қымбаттауына байланысты әлеуметтік желілерде жатақхана жағдайы бойынша видеолар тарап кетті. Оның бірінде баға қымбаттады десе, бірінде орын жетіспейді деп ата-анамен студент дауға басты.

Баға жағынан салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, біздің жатақхананы еліміздегі ең арзан деп айтуға болады. Жылына 4-5 орындық жатақхананы 60 мың, 1-2 орындық бөлмелерді 100 мың тг көлемінде ала аласыз. Басқа қалалармен салыстырсақ, бұл әлдеқайда арзан. Жатақхананың бағасы шарықтады деп жар салған халық оның қауіпсіз және қолайлы екенін ескеруісіз қалдырды. Пәтер жалдап тұратын студент пәтер ақыға ай сайын төлем жасап, оның ақысынан бөлек коммуналдық шығындарды да өтейді. Жылдық жатақхана қаржысын бір ай көлемінде жұмсайды. Жатақхана бағасының тиімділігі осы тұстан да анық көрінеді. Осы тұста, пәтер жалдап тұратын студенттердің де пікірін тыңдадық. Мәселен, Нұралы Рүстем ХҚТУ-дың 3-курс студенті. Қазіргі таңда ол пәтер ақысына ай сайын 60 мың теңге көлемінде ақша жұмсайтындығын айтады. “Неге жатақхана емес?”-деген сұраққа “Мұнда бәрі еркін. Яғни, бұл өз қалауым.”-деп жауап берді.

Бұдан бөлек, жатақхана жағдайына байланысты әртүрлі қауесеттер тарады. Солардың бірі-газдың болмауы. Иә, бірінші



ережесімен таныстырады. Жатақхананы жанға жайлы, ең ыстық мекен дер едім!

Сандуғаш БЕКТҰРОВА,
3-курс студенті

ГАЗЕТТИҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ



Ahmet Yesevi Üniversitesinde “18 Mart Çanakkale Zaferi” Programı Düzenlendi



Çanakkale Zaferi'nin 107. yıl dönümü sebebiyle Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkistan Yerleşkesi Kültür Merkezinde “18 Mart Çanakkale Zaferi” programı düzenlendi.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Öğrenci Konseyi tarafından 18 Mart 2022 Cuma günü gerçekleştirilen etkinliğe Üniversitemiz Rektörü Dr. Janar Temirbekova, Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, Rektör Yardımcısı Doç. Dr. Pusat Pilten ve Askar Turganbayev'in yanı sıra çok sayıda akademik personel ve Türk dünyasını temsil eden öğrenciler katıldı.

Program, saygı duruşunun ve millî marşların okunmasının ardından Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektörü Dr. Janar Temirbekova ile Prof. Dr. Cengiz Tomar'ın açış konuşmalarıyla

başladı. Dr. Temirbekova, Çanakkale Zaferi'nin bütün Türk tarihi için ortak bir değer olduğuna vurgu yaparken Prof. Dr. Tomar, günün anlam ve önemine binaen Mehmet Akif Ersoy tarafından yazılan “Çanakkale Şehitlerine” şiirini seslendirdi.

Ahmet Yesevi Üniversitesinin Türk dünyasından gelen öğrencileri tarafından hazırlanan Çanakkale Zaferi temalı sinevizyon gösteriminin sonrasında program, şiir ve müzik dinletileri ile devam etti.

18 Mart Çanakkale Zaferi programı, etkinliğe katılan Üniversitemiz akademik, idari personelleri ve öğrencilerinin yer aldığı hatıra fotoğrafı çekimi ile sona erdi.

Ahmet Yesevi Üniversitesinde “Somut Olmayan Kültürel Miras Programı” Sertifika Töreni Düzenlendi

UNESCO Türkiye Millî Komisyonu Somut Olmayan Kültürel Miras İhtisas Komitesi ile Ankara Hacı Bayram Veli Üniversitesi Örgün ve Yaygın Eğitimde Somut Olmayan Kültürel Miras Kürsüsü tarafından desteklenen 72 saatlik “Somut Olmayan Kültürel Miras Sertifika Programı”ni başarıyla tamamlayan katılımcılara sertifikaları takdim edildi.

18 Mart 2022 tarihinde Ahmet Yesevi Üniversitesi Kütüphanesinde düzenlenen “Somut Olmayan Kültürel Miras Programı” sertifika törenine Üniversitemiz Rektörü Dr. Janar Temirbekova, Rektör Vekili Prof.

Dr. Cengiz Tomar, Türkoloji Araştırmaları Enstitüsü Müdürü Prof. Dr. Bülent Bayram ve kursiyerler katıldı.

Program, hatıra fotoğrafının çekimiyle sona erdi.



Ahmet Yesevi Üniversitesi Dil Öğretim Merkezinden Çimkent Güney Kazakistan Pedagoji Üniversitesi Personel ve Öğrencilerine Türkçe Dersleri Başladı

Ahmet Yesevi Üniversitesi Dil Öğretim Merkezince Çimkent Güney Kazakistan Pedagoji Üniversitesi akademik-idari personeli ve öğrencileri için düzenlenen Türkiye Türkçesi dersleri, 9 Mart 2022 tarihinde çevrim içi olarak başladı.

Bu kapsamda Türkiye Türkçesi dersleri, Üniversitemiz Dil Öğretim Merkezi öğretim görevlileri tarafından 6 farklı sınıfta 133 katılımcıya A1 dil seviyesinde 80 saatlik program çerçevesinde uygulanacaktır.

Aksaray Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Yusuf Şahin Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanını Ziyaret Etti

Aksaray Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Yusuf Şahin, 17 Mart 2022 tarihinde Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek'i ziyaret etti. Görüşmede üniversiteler arası ikili iş birliği hususlarını değerlendirdi.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Öğrencisi Shoibekova Gaukhar Boks Şampiyonasında Gümüş Madalya Kazandı

Ahmet Yesevi Üniversitesi Spor ve Sanat Fakültesi 1. sınıf öğrencisi Shoibekova Gaukhar, Ürdün'ün Amman şehrinde düzenlenen “Asya Gençler Boks Şampiyonası”nda 70 kg kategorisinde gümüş madalya kazandı.

Öğrencimizi tebrik eder, başarılarının devamını dileriz.



“Uluslararası Dergipark Sisteminde Yayın” Kursu Gerçekleştirildi

Ahmet Yesevi Üniversitesinde akademik dergilerin elektronik ortamda yayınlanmasına imkân sunan süreç yönetimi hizmeti “Dergipark” hakkında 14 Mart 2022 tarihinde yeterlilik geliştirme kursu gerçekleştirildi.

Uluslararası yayınların farkındalığını artırmak ve editörlük süreçleri hakkında bilgi vermek amacıyla hazırlanan kurs, Ahmet Yesevi Üniversitesi Öğretim Üyesi Prof. Dr. Bülent Bayram ve Bilecik Şeyh Edebali Üniversitesi Öğretim Üyesi Doç. Dr. Adil Akıncı'nın yöneticiliğinde düzenlendi. Kursu Üniversitemiz yayın organları “Yasawi Habarşı”, “Türkoloji” ve “Yasawi Haberleri” personeli katıldı.

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕ НАУРЫЗ ҚАЛАЙ ТОЙЛАНАДЫ?

Ата-бабамыздың танымында Наурыз адам мен табиғаттың «жаңаруы», жаңа өмірдің бастамасы ретінде қабылданған.

21 наурыз – көктемгі күн мен түннің теңелетін күні. Қытымыр аяз бен қара суықтың орнына көктемгі жайма-шуақ ауа райы орнап, мыңдаған шақырымды еңсерген құстар аяулы ұяларына қайтып оралатын, тіршілік атаулы жанданып, мұз құрсауында қалған өзен-көлдер еріп, қуаттана түсетін осынау берекелі маусым - түркі халықтарының ғасырлар бойы тойлап келе жатқан басты қуанышы - Наурыз мейрамы.

Парсы тілінен аударғандағы «наурыз» сөзі «жаңа күн» деген мағынаны береді. Әр елдің тілдік ерекшеліктеріне қарай, Наурыздың жазылуы мен айтылуы әрқалай: Новруз, Навруз, Нуруз, Невруз, Нооруз, тағысын тағы да.

Наурыз мейрамының пайда болу тамыры тереңде жатыр. Бірқатар ғалымдардың зерттеулеріне сүйенетін болсақ, ол көне ирандық Күнге табыну дәстүрі мен аты аңызға айналған Заратуштра пайғамбармен байланысты. Жалпы адамзат тарихына көз жүгіртер болсақ, күн тоқырауына негізделген мейрамдардың барлығы дерлік көшпелі және отырықшы мәдениет өкілдеріне бірдей түсінікті, Жер шарындағы ең ежелгі мерекелер екенін аңғарамыз. Себебі адам баласы бағзы замандардан-ақ Күн мен Ай ырғақтарына ерекше мән беріп, табиғатқа етене жақын болуға талпынған.

Бұдан беріректе, көктем келуін тойлау жайлы естеліктер қалмақтар, сақтар, ғұндар турасындағы тарихи жазбаларда кездеседі. Алтын Орда дәуірінде Наурыз, осы күндегідей, мемлекеттік мейрам мәртебесіне ие болған екен.

Дәстүрлі түрде, Күн мейрамдары таңды қарсы алу мен Күнмен құшақ жая сәлемдесу жоралғыларымен сабақтасады. Адам таза қонысы мен таза тәніне Жаңа Күнді кіргізіп, жаңа өмірге жол ашады.

ЕЖЕЛГІ МЕРЕКЕНІҢ ЗАМАНАУИ САРЫНДА ТОЙЛАНУЫ: БҮГІНГІНІҢ НАУРЫЗЫ

Заманауи Қазақстанда Наурыз мейрамы 21-23 наурыз аралығында тойланады. Заңнамаға сәйкес бұл күндер – мемлекеттік мереке болып бекітілген.

Мейрамның басты қағидалары мен дәстүрлері қаз қалпында, еш өзгермеген. Ертедегідей, барша адамдар біріне бірі амандық, саулық, береке-бірлік тілейді. Қалалар мен ауылдарда көшелер мен саябақтарды тазалау жұмыстары жүргізіледі, көшеттер егіліп, абаттандыруға көп көңіл бөлінеді. Орталық алаңдарда қазақстандық өнердің жарқын жұлдыздары қатысатын керемет концерттер ұйымдастырылып, сән-салтанаты жарасқан киіз үйлер тігіліп, алтыбақан орнатылып, наурыз көже мен палау дайындаудан сайыстар өткізіледі. Ұлттық спорттық жарыстардың жеңімпаздары да көбіне көп Наурыз қарсаңында анықталады.

Жыл сайын жарқын мерекелік бағдарламасымен елордамыз ерекше көзге түседі. Іс-шаралардың негізгі желісі көпжылдық дәстүр бойынша астананың ашық алаңдарында және «ЭКСПО» көрмесі аумағында өрбиді.

Батыстағы ағайын көне дәстүрлерді сақтай отырып, Наурызды ресми бекітілген мезгілден 2 апта бұрын тойлай бастайды.

Барлық ірі қалалардың аумағында этноауылдар бой көтереді. Мұнда барлық тұрғындары мен қонақтары таңнан бастап ыстық бауырсақтан дәм татып, тіл үйірер наурыз көжемен ауқаттанып алса болады. Киіз үйлердің төңірегінде қашан да қызыққа қанық шаралар ұйымдастырылып жатады: концерттер, театрландырылған қойылымдар, спорттық жарыстар мен түрлі жұлделер ойнатылатын сайыстар жетіп артылады. Келесі бір жерде сауданың қазанын қайнап жатқан қолөнершілер көрмесі мен ауылшаруашылық жәрмеңкелері

Күн мен Түн теңескен шақта дүниеде бар жарық пен жақсылықтың күш-қуаты тасып, барлығы қайта жанданады деседі.

Көшпенді қазақтар үшін жыл мезгілдерінің ауысуында ерекше астарлы мән-мағына бар еді. Оның ішіндегі ең ауыр да азаптысы – қыстауларда өтетін қаһарлы қыс болатын. 12 жылдық күнтізбе бойынша әр 5-6 жыл сайын даланың құтын қашырған жұт қайталанып тұрған. Қыстан жан мен мал аман шығуының өзі – дала жұрты үшін аңсар бақыт, асқан береке саналған. Көктеуге көшкендегі қуаныш үлкен тойға ұласып отырғандығы содан да болар.

Қазақ халқы, басқа да түркі халықтары секілді, Наурызды өзгерістер өзегі деп

түсінген. Мейрамның қамын қамдау бірнеше апта бұрын қолға алынатын: барлығы ең өңді киім-кешегін дайындап, үй-жайын жақсартып, аула-қорасын реттеген. Өз Наурыз келген күннен қалың бұқара жиналып, ән шырқап, би билеп, мол дастархан жайылып, шатшадыман той тойланған. Алғыр ақындардың айтысы, дала баласының күші мен айласы сарапқа салынған қазақша күрес алаңы, ақыл-сана сыналатын тоғызқұмалақ ойыны, тұлпарлардың бағы мен бабын байқатар бәйге (5-15 шақырымға созылатын ат жарысы) тойдың сәнін келтіріп, мәнін еселей түскен.

Наурызға жайылған дастархан да молшылығымен ерекшеленетін. Астан бұрын және кейін аруақтардың жанына медеу болар деген ниетпен дұға бағышталған. 7 түрлі дәмнен әзірленген наурыз көже – мерекелік дастарханның міндетті де басты тағамы ретінде ұсынылатын.



жүріп жатады. Бұл тараптан көздің жауын алар ұлттық нақыштағы бұйымдар мен құрт, жент, май, сүзбе, ірімшік сияқты таптырмайтын тәтті-дәмдіні сатып алуға мүмкіндік көп.

Халқы Наурыз мейрамын ерекше ықыласпен тойлайтын өңір деп Түркістан облысын айрықша атай аламыз. Еліміздің мәдени орталығы танылған киелі Түркістанда Қожа Ахмет Ясауи кесенесі орналасқан. Өдетте дәл осы жерден ауыл тұрғызылып, Наурыз тойланады. Еш әсірелеусіз, тонналап палау пісіріліп, өзен боп наурыз көже құйылады. Бұл кереметтен бөлек, оңтүстік өлкеде дәстүрлі түрде түйе және жылқы керуендері көрсетіледі. Бұл арқылы халық береке-бірлігін айқындап, соның барлығын сыйлаған ұлы күштерге тағзым етеді.

Қанша дегенмен, Ұлыстың ұлы күнін ірі қалаларда тойлау ғана қызықты деген жаңсақ пікірден аулақ болуға шақырамыз! Ауыл-аймақтағы Наурыз қайталанбас әсер қалдырары шүбәсіз. Жергілікті ауылдық кең алқаптарда қалалық кеңістікте өткізуге келмейтін көптеген ұлттық ойындар өткізіледі. Мәселен, тоқтыны арқалаған ерлердің арасында сол «тірі» жүкпен кім көбірек отырып-тұра алатыны анықталады. Нағыз қазақы тартысқа куә боламын десеңіз, осы ауылдардың маңында өтетін көкпар мен бәйге ойындарын көруге міндеттісіз. Сондықтан, Наурызды тойлауға дайындықты ертерек бастағаныңыз жөн: Таңдауыңыз қаладағы этноауыл мен ұлттық шығармашылық көрсетілімдеріне түседі ме? Өлде ауылдағы көшпенділіктің шынайы көріністері жаныңызға жақынырақ па? Бір сөзбен айтқанда, Наурызды қайда және қалай тойласаңыз да ұмытылмас әсерлерге кенеліп, керемет көңіл-күйге бөленеріңіз айдан анық.

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru

Медиа орталығы:

Журналист:
Эльмира АРТЫҚБАЕВА
elmira_artykbaeva@mail.ru

Фото маманы: Нақып Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.